Жоба туралы қысқаша ақпарат

Жоба аты	AP23489032 «Қазақстан өңірлерінде табыс теңсіздігі және кедейлік деңгейін төмендетуге шағын және орта кәсіпкерліктің әсерін әлеуметтік турбуленттіліктің жергілікті тәуекелдерін азайту тұрғысында зерттеу»
Жоба өзектілігі	Жобаның күтілетін нәтижелері табыс теңсіздігін және кедейлікті жою, ШОК қолдау және өңірлерді дамыту бағдарламаларын, әлеуметтік саясатты жетілдіру үшін пайдалы. Жобаның жиынтық эффекттері «әдеттегі кедейлік» мінез-құлқының төмендеуіне және азаматтардың әл-ауқат үшін жеке жауапкершілігінің артуына, атаулы әлеуметтік көмек жүйесіне бағытталатын шығыстарды азайтуға әсер ете алады. Зерттеу нәтижелері мемлекеттің тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу міндеттерін шешуге пайдалы бола алады.
Жоба мақсаты	Қазақстан өңірлерінде табыс теңсіздігін және кедейлік деңгейін төмендетуге шағын және орта кәсіпкерліктің (ШОК) әсерін көп критерийлі ұстаным негізінде бағалау және әлеуметтік турбуленттіліктің жергілікті тәуекелдерін азайту үшін шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың әлеуметтік әлеуетін арттыру бойынша практикалық ұсыныстар әзірлеу.
Жоба міндеттері	1. Қазақстан өңірлерінде табыс теңсіздігі және кедейлік деңгейін төмендетуге шағын және орта кәсіпкерлік әсерін зерттеудің әдістемелік тәсілін негіздеу. 2. Қазақстан өңірлерінде табыс теңсіздігі және кедейлік деңгейін төмендетуге шағын және орта кәсіпкерлік әсерін талдау және бағалау. Сауалнамалар және терең эксперттік сұқбаттар жүргізу. 3. Қазақстан өңірлерінде табыс теңсіздігі және кедейлік деңгейін төмендету механизмін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.
Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер	Күнтізбелік жоспарға сәйкес бірінші міндет бойынша теңсіздік пен кедейлік феномені бойынша әлемдік ғылыми әдебиеттерге, әлемдік институттарды дамыту бағдарламаларына, отандық ғалымдардың жұмыстарына сыни талдау жүргізілді, сондай-ақ ШОК-тің экономикаға әсерін, кедейлікпен күресудің үздік әлемдік тәжірибесін жүйелі, салыстырмалы талдау жүргізілді. Зерттеу нәтижесінде Қазақстанның жағдайына тиімді бейімделе алатын озық шетелдік модельдер анықталды, сондай-ақ әлеуетті негізгі тәсілдер жүйеленді. Әлеуметтік турбуленттіктің жергілікті тәуекелдерін бағалаудың заманауи зерттеу тәсілдеріне жасалған шолу Қазақстан өңірлерінде әлеуметтік турбуленттікке бейімделген факторлық талдау алгоритмі үшін негізгі, атап айтқанда әлеуметтік медианы талдау, халықаралық ұйымдардың жаһандық тәуекелдерді бағалау ұстанымдары терең зерттелді. Теңсіздік және кедейлік деңгейін төмендетуге шағын және орта кәсіпкерліктің әсерін көп критерийлі бағалау бойынша әдістемелік тәсіл нақтыланып, бағалау құралдары анықталды. Күнтізбелік жоспарға сәйкес екінші міндет бойынша елдің өңірлерінде табыс теңсіздігі және кедейлік деңгейіне талдау жасалынды, осы көрсеткіштерге шағын және орта кәсіпкерлік әсері айқындалды. Сондай-ақ, кәсіпкерлік белсенділік,

	бизнеске ынталандыру шаралары мен кедейлікті төмендету арасындағы өзара байланыс талданды. Шағын және орта кәсіпкерліктің дамыған және дамышу елдердегі тәжірибесі, олардың әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешудегі рөліне салыстырмалы талдау жасалды. ШОК дамыған елдердің экономикасындағы барлық жұмыс орындарының 50-60%-ын құра отырып, жалпы өңірлік өнімге елеулі үлес қосады. Дамушы елдерде бұл көрсеткіш әртүрлі, бірақ көбінесе шеткері және әлеуметтік осал аймақтардағы жұмыспен қамту қозғалтқышы ретінде ШОК әрекет етеді. Өңірлердегі табыс теңсіздігі мен кедейлікті азайтуға шағын және орта кәсіпкерліктің әсерін талдау мен бағалау, аймақтар мен халық топтары арасындағы айырмашылықтарды анықтау, мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігі мен қабылдануын талдау, және сапалы түсіндірме алу және ұсыныстарды тұжырымдау үшін жүргізідетін сауалнама мен сұқбат мазмұны әзірленді. Сауалнама жүргізілді, кәсіпкерлер, мемлекеттік қызметкерлер, ҮЕҰ-ның ресми өкілдері, жұмыспен қамту қызметінің қызметкерлері, ғалымдар және зерттеушілермен терең эксперттік, жартылай құрылымданған сұқбаттар сериясы өткізілді. Жобаны жүзеге асыру барысында қойылған мақсатқа сәйкес зерттеу міндеттерінің белгіленген топтары шешіледі. Қазақстан өңірлеріндегі табыс теңсіздігі және кедейлікті төмендетуге ШОК әсерін бағалаудың көп критерийлі тәсілі анықталып, эконометрикалық модельдерде сынақталады. Жобаның негізгі нәтижелері жаңа ғылыми білім, қарастырылып отырған мәселені шешудің ғылыми негізделген тетіктері, сондай-ақ оқу материалдары түрінде ұсынылады. Web of Science базасының Social Science Citation Index индекстелетін және импакт фактор бойынша 1 (бірінші) немесе 2 (екінші) квартильге кіретін және Scopus базасында CiteScore бойынша кемінде 65 (алпыс бес) процентилі бар рецензияланатын ғылыми басылымда кемінде 1 (бір) мақала жарияланады.
Зерттеу тобы мүшелерінің аты-жөні, идентификаторлары (Scopus Author ID, Researcher ID, ORCID, бар болса) және сәйкес профильдерге сілтемелер	Жоба жетекшісі: Даулиева Ғалия Рахметовна, экономика ғылымдарының кандидаты, профессор, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Экономика және бизнес Жоғары мектебі, Экономика кафедрасының меңгерушісі; Researcher ID N-1929-2014, Scopus author ID: 57203160262, ORCID ID: https://orcid.org/0000-0001-8233-9830. Жоба мүшелері: 1. Бас ғылыми қызметкер - Мухамедиев Булат Минтаевич, экономика ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Экономика және бизнес жоғары мектебі экономика кафедрасының профессоры, Researcher ID P-5157-2014, Scopus Author ID 56069126000, ORCID ID https://orcid.org/0000-0002-1490-302X; 2. Жетекші ғылыми қызметкер - Андабаева Гульмира Кенжегалиевна, экономика ғылымдарының кандидаты, профессор, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Экономика және бизнес Жоғары мектебі, Экономика кафедрасының зерттеуші-

	доценті, https://orcid.org/0000-0002-7458-8711, Scopus Author ID: 57216615915. 3. Аға ғылыми қызметкер - Тураров Даурен Рыскулович; экономика ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Экономика және бизнес Жоғары мектебі, Экономика кафедрасының аға оқытушысы, https://orcid.org/0000-0003-3345-8061, ResearcherID: N-4417-2014; 4. Аға ғылыми қызметкер - Калиева Асем Ермековна, PhD, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Экономика және бизнес Жоғары мектебі, Экономика кафедрасының зерттеуші-доценті, Scopus author ID: 56646470400, https://orcid.org/my-orcid, ID orcid.org/0000-0002-1154-4287, ResearcherID - C-6014-2015, https://www.webofscience.com/wos/author/record/OIT-6395-2025; 5. Кіші ғылыми қызметкер - Сағынбай Әсел Ғалымжанқызы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Экономика және бизнес Жоғары мектебі, Экономика кафедрасының оқытушысы; https://orcid.org/0000-0001-6861-4904; 6. Кіші ғылыми қызметкер - Махсутова Салтанат Турсунханқызы, IFC - World Bank Group, Trade and Supply Chain Department, Қаржы сарапшысы. https://orcid.org/0009-0008-4276-032X.
Қолдану	Жобаның зерттеу нәтижелерін мемлекеттік атқарушы құрылымдар Қазақстан өңірлерінде табыс теңсіздігін жою, кедейлікпен күресу бойынша бағдарламаларды әзірлеу және орындау үшін республикалық деңгейде де, жергілікті деңгейде де қолдана алады.
Жарияланымдар тізімі (URL, DOI көрсетілген)	1. Г.Р. Даулиева, Ә.Ғ. Сағынбай. Қазақстан халқының өмір сүру деңгейіне АӘК әсерін бағалау // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы, №3, 2024 ж. 149-162 б. doi: https://doi.org/10.32523/2789-4320-2024-3-149-162 2. Dauliyeva, G.R., Ranov, Zh.B., Sagynbay, A.G., & Makhsutova, S.T. (2025). Nexus between entrepreneurship and poverty reduction: Regression analysis of causality. The Journal of Economic Research & Business Administration, 1(151), pp. 18–28. doi: https://doi.org/10.26577/be202515112 3. Kaliyeva, A., Dauliyeva, G., Andabayeva, G., & Mynzhanova, G. (2026). Assessment and modeling of the social effects of small and medium-sized enterprises. Eurasian Research Journal 8(1), 54-78. https://doi.org/10.53277/2519-2442-2026.1-04 4. Dauliyeva , G. ., Mynzhanova , G. ., Issayeva A., & Maksutova , S. . (2026). Analysis of the institutional structure of regulation and stimulation of small and medium-sized enterprises in Kazakhstan. Journal of Economic Research &Amp; Business Administration, 155(1). https://doi.org/10.26577/be155120262
Патент туралы ақпарат	жоқ